

Шеденов Ө.Қ.,
Мырзалиев Б.С.,
Тайжанов А.Т.

Қазақстанда шағын және бір салалы қалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытуды басқарудың негізгі бағыттары

Бұл мақалада мәселелерді шешу үшін шағын және бір салалы қалаларды басқарудың әлеуметтік-экономикалық негіздерінің жетілдіру проблемалары зерттелген, атап айтқанда Қазақстандағы және шетелдегі шағын және бір салалы қалаларды дамытудың негізгі бағыттары анықталған; қалалардың қоныстану типіне байланысты және олардың дамуын басқару деңгейіне қатысты жіктеме жасалған; шағын және бір салалы қалалардың стратегиялық жоспарлауының әдістемелік және әдістік аспектілері зерттелген; бір салалы қалалар жергілікті құрылым ретінде және оларға ерекше басқарушылықты қажет ететіндігі айқындалған; бір салалы елді мекендердің негізгі даму проблемалары талданған; шағын және моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламасының негізі мен реттілігі осы бағдарламаны жасап шығарудағы және оны іске асырудағы басты құрал ретінде анықталған; жергілікті мақсатты бағдарламалардың іске асырылуының мониторингін жүргізудің алгоритмі жасалынған және қалақұраушы кәсіпорынды қайта құрылымдау жағдайында бір салалы қалалардың даму стратегиясын жүзеге асырумен жергілікті кәсіпорындардың басқару тиімділігін бағалауға әдістемелік ұсыныстар ұсынылған.

Түйін сөздер: бір салалы қала, қала құраушы кәсіпорын, бір салаға маманданған қала, моно қызметті завод-қала, моно-маманданған қала.

Schedenov U.K., Myrzaliev B.S.,
Taizhanov L.T.

The main directions of socio-economic development of small and single-industry towns of Kazakhstan

The majority of single-industry towns depend on the main enterprises in towns that define the basic functionality of the town. By the amendment, the article discussed the socio-economic problems of formation of small and single-industry towns; investigated and substantiated scientific and theoretical basis of improving the management of socio-economic development of towns.

Key words: monotowns, city forming enterprise, specialized monotowns, mono industrial cities, specialized mono-city factories.

Шеденов У.К., Мырзалиев Б.С.,
Тайжанов А.Т.

Основные направления управления социально-экономическим развитием малых и монопрофильных городов Казахстана

В статье рассмотрены социально-экономические проблемы становления малых и монопрофильных городов; исследованы и обоснованы научно-теоретические основы совершенствования управления социально-экономическим развитием городов.

Исследованы вопросы совершенствования социально-экономических основ управления малых и монопрофильных городов, в частности определены приоритетные направления развития экономики малых и монопрофильных городов в Казахстане и за рубежом; определены типы городских поселений и проведена классификация с позиций управления их развитием; исследованы методологические и методические аспекты стратегического планирования в малых и монопрофильных городах и т.д.

Ключевые слова: моногорода, градообразующее предприятие, моноспециализированные города, моноиндустриальные города, моноспециализированные города-заводы.

**ҚАЗАҚСТАНДА
ШАҒЫН ЖӘНЕ БІР
САЛАЛЫ ҚАЛАЛАРДЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУДЫ
БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ
БАҒЫТТАРЫ**

Үлкен қалаларда әлеуметтік инфрақұрылымды реттеу, мәдени-тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктерді қанағаттандыру, шағын қалаларда – еңбек ресурстарын тиімді пайдалану, аббаттандыру, тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсетудің сапасын жақсарту мәселелері өзекті болып табылады.

Қалалардың қала құраушы факторы ретінде белгілі өнеркәсіп, көлік, байланыс, басқару, ғылым, курорттық-санаториялық іс және тағы да басқа факторлар әлеуметтік тұрғыдан қала мен қоғамның өзара әрекеті, жұмыс орындарының санын анықтайды, кадрлардың мамандануы, тұрғындардың күнделікті және еңбек өмірлерінде әлеуметтік аспектілердің құрылымын қалыптастырады. Бұл тұжырымдаманы кей кезде «экспорттық база» моделі деп те атайды.

Мұндай нақты тетіктер кейбір доминанттық қызметтерді атқару үшін жаңа қалалардың саясаты шеңберінде іске асырылады. Бұл функционализм идеялары 20-30 жылдары (Ле Корбюзье және оның ізбасарларының есімімен тығыз байланысты) Кеңес Үкіметі кезеңінде қала құрудың негізгі жүйесін құруда үлкен әсері болды. Соғысқа дейінгі кезеңінде жаңа қалаларды құруда көбісі бір салаға бағытталған болатын. Қалаларды құру барысында осы сияқты моноқызметтік, бір саланың конъюнктурасына тікелей тәуелділік тұрақсыздықты түзді [1, 145 б.].

Саланың белсенді кәсіпорны қала тұрғындарының негізгі бөлігін жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Бұл жұмысшылардың күнделікті өмір сүруіне қажетті тұтыну тауарлары мен жеке тұлғаларға қажетті қызметтерге сұраныс тудырады. Белсенді саланың кәсіпорны кейбір қатарлас өндіріс түріндегі қажеттіліктер мен өндірістің материалдық факторына қажетті сұраныстарды туғызады. Осы түрлі қажеттіліктердің кейбір бөлігін (жеке және өндірістік түрлері) қаланың аумағындағы кәсіпорындар қанағаттандырады. Көбінде бұлар қала инфрақұрылымындағы кәсіпорындар (электр-, жылу-, газ-, ауыз су, канализация, қалалық жолаушы тасымалдау, құрылыс жүйелері және т.б.), жеке сауда, нан өнімдері өндірісі және т.б. Ол қала құраушы саланы басты кәсіпорындар құрайды, кейде оларды саланың резиденттері деп атайды. Бұл теория Хойт мен Александерсонның атымен тығыз байланысты [2, 103 б.].

Функционализмнің пайда болуы, кеңістік оптимизациясының құралы ретінде қалалардың арнайы функционалды идеясын өмірге алып келді. Арнайы мамандану, инвестицияның құрамын нақты анықтайды деп есептелді (шикізат, энергия, жұмыс күші және өткізу нарығына жақын орналасуын есептеу арқылы). Осы сияқты қалалар жүйесінің «оңтайландырылған» жобалар түріне сол уақыттағы социалистік елдерде кеңінен жол ашылды, себебі инвестициялық шешімдер жоспарын орындаушы органдар анықтады. Бірақ, осы эксперименталды еркіндік, жеңілдетілген кескіндер аясында шамадан тыс «оңтайлы» шешімдердің орындалуына әкеп соқтырды.

Қатаң функционалды жобалардың шешімінің бастапқыдан мүмкін еместігі тез арада нақтыланды, жергілікті зауыт-қалалардың басқарушылары функционалды үйлесімсіздікті қайта қалпына келтірудің қажеттілігін ұғынып, қосымша инвестициялар талап етті. Бірінші кезекте қалаға қызмет етуші саланың тұрақты қызмет етуін дамыту, қаланың басты саласын дамытудағы қалыптан тыс жұмысшы орындарды құру арқылы іске асыру жүйесі қарастырылды. Саланың тұрақты балансын қалпына келтіруге он шақты жыл уақыт кетті [3, 179 б.].

Әлеуметтік-экономикалық жүйелерде «әлеуметтік жүйелерді басқару» ұғымына байланысты ғылыми әдебиеттерде келесі түсіндірме берілген: «әлеуметтік басқару – басқарудың бір түрі қоғам мен оның астындағы жүйелердің дамуындағы қажеттіліктерді қамтамасыз етуді жүзеге асыру қызметі, нысанның әлеуметтік дамуындағы критерийлер мен көрсеткіштердің құру қызметі, олардың ішіндегі ортаға шыққан әлеуметтік мәселелер, оларды шешудің әдістері мен әзірлемелері, үрдістер мен әлеуметтік қарым-қатынастардың жоспарланған параметрлері мен жағдайларына қол жеткізу». Н.П. Бабичев – «тармағынада әлеуметтік басқаруды – бұл қойылған мақсаттарға жету үшін әлеуметтік үрдістерге әсер ету жүйесі», – деп санайды [4, 41 б.].

А.С. Гавринның әлеуметтік басқаруға берген анықтамасы: «әлеуметтік басқару – бұл мақсатты бағытта әсер ету, құрамында жеке немесе әлеуметтік қоғамның, әлеуметтік топтардың көрсетілген басқару жүйесіндегі объектілер мен субъектілер ретінде өзара әсер етуі» [5, 9 б.]. Оның пікірінше әлеуметтік басқару үрдісінде болмыс, объектілі-субъектілі өзара әсер етуінде нақты, бұл үрдістерде адам ең басты әрекет етуші тұлға ретінде өзінің ынталандыру, міндет, мақсат және әсер ету серпінін шоғырландырады.

Әлеуметтік басқарудың басқа да қырын

Г.Ф. Ромашкина қарастырады, ол «басқарудың өкім жүргізуші функциясын атқаратын құралы ретінде субъектілер объекті параметріне мақсатты әсер еткенде өзара әрекет етуші рәсімдер нәтижесінде (ерекше қызушылық танытатын мақсаттар мен құндылықтарды қиыстыру) немесе шиеленістерді (ерекше қызығушылық танытатын мақсаттар мен құндылықтарға қарама-қайшы әрекет ету) немесе олардың барлығын да қанағаттандыру (толық немесе жеке), немесе әлеуметтік күштердің қатынасында әртүрлі пішінде басқару объектілерінің қажеттілігі мен сұраныстарын, талаптарын қанағаттандырмау», – деп тұжырымдаған [6, 37 б.].

Әлеуметтік басқару қызметінің түсінігінде қоғамдағы жеке немесе топтың қарым-қатынастарын реттеу құралы, әртүрлі қоғамдағы бастапқы мақсаттармен сәйкес әрекет етуі. Нақты мазмұнды анықтауда жолдар, мақсаттар және әлеуметтік басқару қызметінің құрамын іске асыру оның негізін көрсетеді.

Ж.Т. Тощенко әлеуметтік басқарудың құрылымын нақты анықтаған, оның ойынша «әлеуметтік басқару қоғамда болып жатқан барлық әлеуметтік үрдістердің көрінісін жіктеуге және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған» [7, 115 б.].

«Әлеуметтік үрдіс», «әлеуметтік даму» ұғымдарының ғылыми анықтамасы теориялық мәселелердің маңыздысы екендігі сөзсіз.

Жалпыға бірдей классикалық анықтаманы П.А. Сорокин берген болып саналады, оның түсінігінде үрдіс дегеніміз – кез келген қозғалыстың түрі, түрлену, өзгеру, ауысу немесе «эволюция», қысқаша айтқанда белгілі уақытта зерттелуші объектінің кез-келген өзгерісі, кеңістіктегі оның жерінің өзгерісінің түрі сияқты немесе оның сандық сапалық түрінің өзгерісі [8, 115 б.].

Объектінің сапалы өндірісін қамтамасыз ету және әлеуметтік даму үрдісін сапалы деңгейге көтерілуін қамтамасыз ету прогрессивтік, регрессивтік, эволюциялық және революциялық әлеуметтік қызметтің үдерісіне жатады, сондай-ақ әлеуметтік үдеріс басқада тұрғыдан былай деп көрсетуге болады: кез келген теңдестіру, әлеуметтік әсер етудің қайталанушы моделі: шиеленіс, кооперация, тайталас, жіктелу және т.б.

Әлеуметтік үдерістердің бағыттылығы бар. Бағытталған үдерістердің қайтарымысыз, көбінде тығыздасуға, толығуға бейім. Әрбір келесі кезең оның алдындағы кезеңнен өзгеше болады, ерте кезеңдер өздерінен кейінгі кезеңдерді дайындайды. Бағытталған үдерістердің мысалы ретінде жеке тұлғаның әлеуметтенуі, тұрғындар-

дың санының артуы, индустриализациялау және т.б. Бағытталмаған үдерістер кездейсоқ немесе хаустық түрде (топтың көтерілуі) немесе олардың ағысы белгілі қайталанушы немесе басқа да моделдерге ұқсас түрде, мұндай үдерістер қайталаушы немесе тұйықталған цикл деп аталады. Егер де әрбір циклдан кейін одан да жоғары деңгейге қол жеткізілсе, бұл циклды дамушы цикл, прогрессивті деп атаймыз, ал деңгейге төменге түссе, бұл циклді регрессивті деп қарастырамыз. Кейбір жеке жағдайларда әлеуметтік жүйеде белгілі бір кезеңде ешнәрсе болмайды, ол стагнация болып анықталады.

Үдерістердің соңғы нәтижесі маңызды критерий болады. Кейбір құрушы үдерістер жаңашыл іргетастықты құрайды, әлеуметтік құрылым мен қоғамның жағдайына байланысты жаңа әлеуметтік шарттардың пайда болуына алып келеді. Адамзаттың барлық өркениеттің технологиялық, мәдени және әлеуметтік өркендеуінде, алғашқы қоғамдық құрылымнан заманауи индустриалды кезеңге дейін, морфогенетикалық үдерістер маңызды рөл ойнады. Бұл үдерістерді жай трансмутациядан айыру қажет, бұл жерлерде тек қана түбегейлі өзгерістерге, яғни өзінің түрленуімен, реформациялау немесе әлеуметтік ұстанымдарды қайта қарау [9, 203 б.].

Соңғы жылдарда отандық әдебиетте әлеуметтік үдерістерде жаңа түсіндірме мен талдаулар пайда болды. В.Е. Кемеров әлеуметтік үдерістерді ұдайы өндірісті қамтамсыз ететін және қоғамды дамытатын адамзаттың іс-әрекеттерінің жиынтығы және әлеуметтік тұрмыстың сақталуы мен трансформациясы деп қарастырды. Оның ойынша әлеуметтік үдеріс көптеген жеке қызметтер және индивидтарды қозғалысқа келтіретін жартылай субъектілі білім беру [10, 120 б.]. Осы түсіндірме өте жақын С.С. Фроловтың анықтамасы: «бір бағыттағы және қайталанатын істердің жиынтығы, басқа көптеген әлеуметтік әрекеттер әлеуметтік үдерістер» деп аталады [11, 88 б.].

Л.Н. Москвичев «Әлеуметтік үдерістер» деген түсінікті пайдаланады. Осыған байланысты ол өзінің көзқарасы: «біріншіден, «әлеуметтік өзгерістер» біздерге ресейліктерге, әдеттегідей емес, бізге жақын түсінік «әлеуметтік даму». Оның пікірінше әлеуметтанудағы басты түсінік ретінде «әлеуметтік өзгерістер», әртүрлі өзгерістердің олардың бағытына бағымсыз кең ауқымды жүргізіледі. Оның құрамында бағалаушы құрамы жоқ. Екіншіден, әлеуметтік өзгерістерді қоғамдағы кез-келген өзгерістер деп қабылдауға болмайды. Әлеуметтік жүйелердің өзгерісі, әлеу-

меттік стратификация, әлеуметтік қоғамдастық, әлеуметтік үдерістер, институттар, ұйымдар және олардың ара-қатынасы [12, 295 б.].

Әлеуметтанушылар әлеуметтік үдерістерді екі арнайы түрге бөледі. Біріншіден, «әлеуметтік цикл», оның белгілі бір бағыты жоқ, бірақ кездейсоқ та емес. Кез келген жүйе әртүрлі кезеңдердегі жағдайы келешекте қайталануы мүмкін, болашақта осы кезеңде жүріп жатқан жағдай, өз кезегінде бұрынырақ өтіп кеткен. Өзгеріс тек қысқа мерзімде ғана орын алуы мүмкін, себебі жүйе алғашқы күйіне қайта оралады [13, 119 б.].

Әлеуметтік үдерістердің басқа түрі «әлеуметтік даму» – жүйеге бастапқыда салынған ашылатын әлеует. Бұл жердегі басты жайт бағытталған үдерісте, бұл кезеңдегі жүйеде қалыптасқан күй мен жай өткен кезеңдердің біреуінде орындалмаған, одан кейінгі кезеңдерде бұдан жоғары деңгейге шығады (мысалы экономикалық көрсеткіштердің өсімі, технологияның дамуы немесе тұрғындардың санының артуы). Н.Д. Кондратьеваның ойынша, әлеуметтік даму, заңды «ол барлық жерде барлық уақытта, әлеуметтік шарттарға сәйкес» [14, 71 б.].

Бұдан басқа жүйе біртіндеп жалпыға бірдей қалыпқа жақындайды (мысалы, қоғам әлеуметтік теңдікке жақындайды, гүлденеді) жүйенің имманенттік қалпын қалыптастыра отырып, ішкі қарама-қайшылық әлеуметтік өмірдің сапалы түрінің өмірге келуі, адамдарға тән шығармашылықтың бастауы масштабты ұйымдастырушылық инновациясына ұласады. Н.А. Костко «дамыту» терминін заңдылықтардың негізі мен шарттарын біле отырып, үдерістерді басқару мүмкіндігі деп қарастырады, атап айтқанда: жылдамдатады немесе тежейді, бірақ бұдан қашып құтылмайсың [15]. Г.В. Осипованың көзқарасы бойынша әлеуметтік біртұтастылықты құрайды.

Осы немесе басқа ерекшеліктер және қоғамдық қатынастардың ерекшеліктері біріктірілген адамдар немесе қоғамдастықтардың ортақ қызметтері үдерістерінде, қаланың қоғамдық өміріндегі үдерістерде, нақты шарттарда олардың бір-бірімен ара қатынасы, өздерінің қоғамдағы орны [16, 65 б.].

Қоғамдық өмірде заманауи қала, төтенше көп жоспарлы әлеуметтік организм, әлеуметтік-тарихи категория ретінде бірінші кезекте қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымы шарттарында жұмыс жасайды. Әлеуметтік дамудың маңыздылығы Ж.Т. Тоценконың пікіріне сәйкес, экономикалық реформалардың жүзеге асуына байланысты, қалалардың қызмет істеуінің тәжірибесіне жаңа талаптар қойылуы, аумақтық

және өндірістік ұйымдардың қызығушылығын құрастыру барысында оптималды мәселелер артты. Ж.Т. Тощенконың пікірі бойынша қалалардың әлеуметтік дамуы осы күнге дейін екінші деңгейдегі мәселе ретінде тең құқылы емес және әрдайым кейінгі жоспар ретінде қаралып келді. «Қалалық шаруашылықтың жоспары формалды түрде қарастырылды және көп байланыстарды дамыту көрсетілді деп жазады Ж.Т. Тошенко – шын мәнінде кәсіпорындар мен ұйымдардың деңгейінде шешілетін ведомстволық қызығушылықты анықтайтын сұрақтардың жиынтығы» [7, 48, 52 бб.].

Ж.Т. Тошенко қалалардың әлеуметтік дамуын теріс үдерістерге жоспарлы түрде әсер етуді іске асыру: нашақорлық, жезөкшелік, ұйымдасқан қылмыс, заң бұзушылық, балалардың қараусыздығы, өзін ұстаудың нормалары мен заңдарына және жатақханадағы қарсылықтар, қоғамдық көзқарастарға кез келген қарсылық деп түсінеді. Әлеуметтік басқарудың негізгі түрі бірыңғай үдерісі ретінде анықталсын, қоғам жүйесін бақылау және реттеу, прогрессивті қоғам мен оның қосалқы жүйесінің қажеттіліктерін жүзеге асырудағы қызметі (қоғамдық өмірдің барлық жағын: экономикалық, саяси, әлеуметтік мәдениет және т.б. қамтиды) [7, 121 б.].

Мақсатты жағдайда көп уақыт қалалардың әлеуметтік дамуы іске асырылмады. Қалалық шаруашылықтардың жоспары формалды түрде жүргізіліп, көп байланыстар көрсетілді. Бірақ нәтижесінде бұл ведомстволық қызығушылық кәсіпорынның немесе ұйымның деңгейдегі мәселелердің жиынтығы болды. Бұл жерде әдістемелік көп қателіктер болды. Қала әлеуметтік бірлік ретінде есепке алынбады, мұндай байланыстың белгілі құрылымы сияқты, басқа байланыстардан өзгешелігі қоғамдық деңгейде және кәсіпорын деңгейінде басқаша болды.

Бұл теория да тәжірибеде жаңылудың себебі болды. Қалалардың үйлестірілмеген, хаостық даму фактісі орын алды, барлық күш-жігер қалалық шаруашылықтарға топтастырылды. Жаңа қалалардың өзінде бұдан 20, 30, 40 жыл бұрын орын алған қателіктерге бой алдырылды [17].

Қалалардың экономикалық және әлеуметтік даму жолындағы негізгі кедергілер тар ведомстволық қызығушылық аясында қалуы болып тұр. Өндірістің алдында тұрған мәселелер аясында қалып, министрлік пен ведомствалардың басқа қалалардағы әлеуметтік мәселелерді шешуге көңіл бөлмеді. Нәтижесінде еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, адамдардың күнделікті өмірін ыңғайлы ұйымдастыру

сияқты аса үлкен емес елді мекендер кешенді өмірлік қажеттіліктерден бос қалды.

Ертеде экономиканың мобилдік түрі кезінде, мемлекеттің үкіметінің вертикалды басқару жүйесінде әрбір адамға жететіндей мәселелер ортаға шықпады. Қалалар, кез келген елді мекеннің құрылуы, өмір сүруі және дамуы мемлекеттің шешіммен сәйкестеніп жүргізілді. Сонымен қалалар, әсіресе шағын қалалар белгілі мемлекеттің мақсаттарын іске асыратын кәсіпорынның әлеуметтік цехы ретінде қарастырылды. Қалаларда бұл мәселелерді шешуде сәйкес, құрамдас бөлік болды. Жаңа қалаларды құру, мемлекеттің мақсаттарды іске асыруды қамтамасыз етуде, жаңа кәсіпорындарды құрумен тығыз байланысты болды. Қалалардың даму келешегі кәсіпорындардың келешегімен анықталды.

Қалалардың дамуы әлеуметтік организм ретінде, осы шарттарда ішкі қажеттіліктер мен үрдістерінде аса төменгі дәрежеде есепке алынды. Іс жүргізу барысында қалалардың жеке өзінің әлеуеті өте төменгі дәрежеде пайдаланылды. Ол кезеңде жүргізілген жүйе логистикалы, себебі барлық материалдық және ұйымдық ресурстар мемлекеттің құзырында еді. Мемлекет қалалардың даму жолын ғана таңдаған жоқ, осы жолдағы барлық іс-әрекеттер қозғалысын толығымен қамтамасыз етті. Бұл қалаларды дамытуды басқару кескінін, шартты түрде тоталитарлы-мемлекеттік деп атауға болады.

Қазіргі таңда кез келген қала аумағында біз әлеуметтік-экономикалық үдерістердің үш басты қатысушыларын көре аламыз: жергілікті қоғамдастық (жергілікті өзін-өзі басқарудың құзырлы органдары), кәсіпорын және мемлекет (аймақтық және республикалық басқарудың құзырлы органдары).

Әрбір қатысушы өзінің құқығы, өзінің қызығушылығы және өзінің ресурстары бар. Қазіргі таңда мемлекет ресурстардың бір бөлігіне ғана ие. Сондай-ақ белгілі бір нақты сұрақтарды шешу құқығында, нақты жобаларды жүзеге асыруда, дамуды анықтайтын мемлекеттің құзырында емес, жергілікті әкімшілік немесе кәсіпорынның құзырында. Бірақ, олардың құзыреттілігі мен құқығын мемлекеттің заңдарымен қорғалып, мемлекет орындалуына кепілдік береді.

Осылайша, мемлекет қала дамуын басқару қызметін орындай алмайды. Тоталитарлық сызбада әрекет еткен бұрынғы модель бүгінде жоқ, істен шыққан. Муниципалды жасалымдарды перспективті түрде әлеуметтік-экономикалық жағынан дамыту үшін жергілікті билік (қалалық әкімшілік) жауап беретіні заңмен анықталған,

ал облысты дамыту үшін осы облыстың билік органдары атынан мемлекет жауап береді. Бұл дегеніңіз дамуды басқару бойынша нақты шешімдер қабылдайтын субъектінің жоқ екендігін білдіреді. Сонымен бірге бүгінгі іс тәжірибеде де, бұл үрдіске қатысушылардың барлығының арасында бытыратып орналастырылған ресурстар туралы мәселелер заңмен де шешілмеген.

Бүгінде Қазақстанда басқа елдердің ізімен ең алдымен қалалардың экономикалық дамуының аймақтық құрылуы мәселесіне ерекше көңіл бөлінгені айқын аңғарылады. Бұл сферадағы әдістемелік әзірлемелермен мемлекеттік мекемелер, жоғары оқу орындары, мемлекеттік емес зерттеу орталықтары, консалтингтік фирмалар және әдеттегідей, қаланың өздері және олардың ассоциациялары (қауымдастықтары) айналысады.

Әрбір экономикалық дағдарыс, әсіресе қалыптасудың және дамудың өзгеше ерекшеліктері бар бір салалы территориялар экономикасын айтарлықтай теңестіреді. Олар әлеуметтік және экономикалық құлдыруларға неғұрлым сезімтал болып келеді, соған сәйкес ғалымдардың, сарапшылардың, билік құрылымдары өкілдерінің тарапынан өздеріне деген жоғары назар аударылуын талап етеді.

Бір салалы қалалардың туындауы әлемдегі индустрияландырудың және ірі компаниялардың пайда болуына алып келді. Моноқала көбінесе тау-кен өндірісі салаларының базасына: шахталарға, карьерлерге, т.б. негізделіп құрылды. Кейіннен жеке компаниялар өнеркәсіптің қандай да бір саласына толығымен мамандандырылған, өзінің төңірегінде, әдеттегідей, олармен орта және шағын бизнес арқылы байланысатын бір ірі кәсіпорыны бар «компаниялар қаласын» (company towns) құра бастады. Сонымен қатар барлық тұрғын үй коммуналдық сфералар және әлеуметтік инфрақұрылымдар және т.б. қаланы құратын компанияларға тиесілі болды, ол көбінде муниципалды басқару органдарының құрамын анықтады.

Бір салалы экономиканың барынша тар ауқымда мамандандырылуы және іс жағдайының қаланы құрушы кәсіпорындарға өте күшті тәуелділігі олардың дамуының экономикалық тұрақсыздығын және олардың өнімдерінің әлемдік баға тербелісіне сезімталдылығының жоғары деңгейін алдын-ала анықтады. Нәтижесінде дүниежүзіндегі жалпы макроэкономикалық оқиғалар өзгерістері (әсіресе, дағдарыстық құлдыраулар кезеңінде) көптеген мұндай қалаларды құрушы кәсіпорындар тиімді болмай қалды, ал қаланың өздері көптеген экономикалық және

әлеуметтік мәселелермен ұшырасып, іс жүзінде түрткілеу шегінде қалып қойды [18].

Ескірген және бәсекеге қабілетсіз болып қалған кәсіпорындардың өндірісті күрт қысқартқан немесе тіпті қиратқан бір салалы қалалар мәселесі барлық дамыған елдерде бар. Қазіргі уақытта дүниежүзінде бір салалы қоныс-мекендердің мәселелерін шешудің жеткілікті түрдегі үлкен тәжірибесі жинақталған. Қазақстан үшін Батыстың және Ресейдің өнеркәсіптің және агроөнеркәсіптік кешендердің дәстүрлі салаларының экономикасы құрылымындағы бір салалы қалаларын оңалту тәжірибесі оның басымдылығымен неғұрлым қызықтырақ.

Батыста бір салалы қоныс-мекендерді қолдаудың және оңалтудың мейлінше кең таратылған механизмдерінің бірі өзінің қалалық қызметін тәмамдағандарды қайта құрылымдау болып табылады. Сонымен бірге моноқаланың экономикасын қайта құрылымдау екі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін:

– экономиканы әртараптандыру: экономиканың жаңа сфералары мен секторларын, оның ішінде, дүниежүзілік экономиканың үшіншілік секторының үлес салмағы мен рөлін арттырудың жалпы тенденцияларына сәйкес ғылыми сыйымды өндірістерді және қызмет көрсету сфераларын дамыту есебінен;

– өнеркәсіптің «ескі» салаларын модернизациялау есебінен бір салалы қала экономикасының құрылымдық қайта құрылуы.

Шетелдік тәжірибе көрсеткеніндей, қайта құрылымдау кезінде қайта жасаудың тиімділігін арттыратын белгілі бір институционалды ортаны құру үлкен рөл атқарады.

Бір салалы территорияның институционалды ортасын жетілдіру бағыттарының бірі даму институттарын қалыптастыру болып табылады.

Аталмыш ұғымның анықтамасы бар. Мәселен, инновациялық үрдістерді ынталандыратын және мемлекеттік-жеке меншіктік серіктестік механизмдерін пайдалану арқылы инфрақұрылымдарды дамытатын мемлекеттік саясат құралдарының біріне даму институттары жатады. Даму институттарының негізгі мақсаты – тұрақты экономикалық өсуді және экономиканы әртараптандыруды қамтамасыз ету үшін нарықтық механизмдерді оңтайлы түрде іске асыра алмайтын міндеттерді шешу үшін «нарықтағы сәтсіздік» деп аталатынды жөн. Мәселен, біздің пікірімізше, аймақтық экономиканы дамытудың шетелдік тәжірибелеріне сәйкес бір салалы экономикасы бар қалаларды мемлекеттік қолдау мәселелері мыналар болып табылады:

– бір салалы қала тұрғындарының инвестициялық хал-ахуалын жақсарту үшін жағдайлар мен алғышарттар жасау, олардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау;

– өндірістік қызметі қаланы құрушы кәсіпорындарға байланысты емес баламалы өндірістік бірлік құру арқылы бір салалы қала экономикасының қаланы құрушы кәсіпорын қызметіне тәуелділігі деңгейін төмендету;

– еңбек нарығындағы қарқындылықты төмендету, әлеуметтік қарқындылықтың әлеуетті қауіп-қатерінің алдын-алу шаралары;

– бір салалы қалалардың экономикасын дамыту үшін ықпал етуге бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлеу;

– кешенді инвестициялық жоспарларды қорғайтын моноқалаларды республикалық (орталық) бюджет есебінен мемлекеттік қолдау;

– бір салалы қалалардағы мониторингтің ақпараттық жүйелерін пайдалануды іске қосу және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын талдауды жасау.

Дүниежүзілік тәжірибеде бір салалы қалалардың жағдайларын тұрақтандыру үшін республикалық (орталық) және аймақтық (жергілікті) деңгейде жүзеге асырылатын мемлекеттік қаржылық қолдау жасаудың екі бағыты орнықтырылған:

1. Өндірісті дамыту, тұрғындардың жұмыспен қамтылуы мәселелерін шешу мақсатында қаланы құрушы кәсіпорындарды қолдау.

Қазақстан Республикасының әрекет етуші салық және алым туралы заңнамалары мен бюджеттік заңнамалары шеңберіндегі қаланы құрушы кәсіпорынды мемлекеттік қолдаудың республикалық шараларына мыналарды енгізуге болады:

– бір салалы қалалар территорияларына республикалық салық бойынша инвестициялық салық несиелерін беру және салықты төлеу мерзімін ұзарту;

– кәсіпорындардың несиелері бойынша пайыздарды төлеу жөніндегі шығындардың бір бөлігінің орнын толтыруға субсидиялар ұсыну;

– бір салалы қалалар территорияларындағы кәсіпорындарға банкі несиелері бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру.

Әрекет етуші бюджеттік заңнамалар және салық туралы заңдар шеңберіндегі қаланы құрушы кәсіпорынды мемлекеттік қолдаудың аймақтық шараларына мыналарды енгізуге болады:

– кәсіпорындарға несиелер жөніндегі пайыздарды төлеу бойынша шығындардың бір бөлігінің орнын толтыруға субсидиялар беру;

– бір салалы қалалар территорияларындағы

кәсіпорындарға аймақтық салықтар бойынша салықты төлеу мерзімін ұзарту және инвестициялық салық несиелерін ұсыну;

– бір салалы қалалар территорияларындағы кәсіпорындарға банкілер несиелері бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру.

2. Бюджеттік қызмет көрсетудің қажетті деңгейін сақтау мақсатында бір салалы қалалар бюджеттерін қолдау.

Бір салалы қалалардың бюджеттерін мемлекеттік қолдаудың республикалық шараларына мыналар кіреді:

– республикалық бюджеттен бюджеттік несиелер беру және жергілікті бюджеттердің теңгерімділігіне өтемақылар бөлу кезінде бір салалы қалаларды қолдау қажеттілігін есепке алу;

– мемлекеттік-жеке меншіктік серіктестікті дамыту, атап айтқанда мемлекеттік меншіктің күрделі құрылыстары объектілерін қосалқы қаржыландыруға, жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларға жергілікті бюджеттен субсидиялар беру формасындағы әртүрлі инвестициялық қорлардың қаражаты есебінен аймақтық маңызы бар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;

– жергілікті жерде нарық еңбегі қарқындылығын төмендетуге, шаруа (фермерлік) қожалықтарын кіріктіре отырып, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауға бағытталған қосымша іс-шараларды жүзеге асыруға республикалық бюджеттен субсидиялар ұсыну.

Көп салалы қалалардың бюджетін мемлекеттік қолдаудың аймақтық шараларына мыналарды кіргізуге болады:

– бір салалы қалаларға қайтарылатын және қайтарылмайтын қаржылай көмектер беру;

– бір салалы қалалардың әлеуметтік дамуына және инженерлік инфрақұрылымдарына жергілікті бюджеттерден субсидиялар беру;

– жергілікті бюджеттерге муниципалды меншіктің күрделі құрылыстары объектілерін қосалқы қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен тиісті субсидиялар беру формасындағы мемлекеттік жекеменшік серіктестікті, күрделі құрылыстар объектілеріне жобалық құжаттамаларды әзірлеуді қаржыландыруды кіріктіре отырып, жергілікті бюджеттен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларды дамыту;

– бір салалы қалалардың бюджеттері теңгерімділігін қамтамасыз етуге өтемақылар ұсыну.

Сонымен, шағын және бір салалы қалалар аумақтарда өндіріске қажетті орталықтар ретінде қалыптасқандықтан, тұрғындарға әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін өндірістік қызметті ұйымдастыруға бағыттал-

ған. Еліміздің өңірлерін құруда шағын және бір салалы қалалар маңызды рөл атқаратындықтан, көбісі орналасуы бойынша экономикалық және табиғи жағдайлары бойынша өндірісті дамыту-

ға және тұрғындардың әлеуметтік деңгейін көтеруде басқару жүйесін жетілдіру қажеттілігі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Әдебиеттер

- 1 Велихов Л.А. Основы городского хозяйства / Л.А. Велихов. – М.: Наука, 1996. – 480 с.
- 2 О, Салливан А. Экономика города: пер. с англ. – 4-е изд. / А. О, Салливан. – М.: ИНФРА-М, 2002. – 70 с.
- 3 Гапоненко, А.Л. Стратегия социально-экономического развития: страна, регион, город : учеб. пособие. – М.: Издательство РАГС, 2001. – 224 с.
- 4 Бабичев Н. П. Теория социального управления. – Киев, 2000. – 178 с.
- 5 Гаврин А. С. Эффективность социального управления. – Тюмень: Вектор-Бук, 2001, 296 с.
- 6 Ромашкина Г.Ф. Моделирование в системе управления социальными процессами (Региональный аспект): дис. ... д-ра социол. наук: 22.00.08. – Тюмень, 2003. – 394 с.
- 7 Тощенко Ж.Т. Социальное предвидение и социальное прогнозирование [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://msu/library2.egi>.
- 8 Сорокин П. А. Человек. Цивилизация. Общество: пер. с англ. / общ. ред., сост. и предисл. А.Ю. Согомонов. – М.: Политиздат, 1992. – 543 с.
- 9 Маршалова А.С. Управление экономикой города: учеб. пособие. – Новосибирск: Сибирское соглашение, 2001. – 404 с.
- 10 Кемеров В.Е. Введение в социальную философию: учебник для вузов. – изд. 4-е, испр. – М: Академический Проект, 2001. – 314 с.
- 11 Фролов С.С. Общая социология: учебник для высших учебных заведений. – М.: «Проспект», 2009. – 356 с.
- 12 Социология. Основы общей теории: учебник для вузов / под ред. Г.В. Осипова, Л.Н. Москвичева). – М.: Норма, 2003. – 912 с.
- 13 Зеленов, Л.А. Социология города : учебное пособие для студентов вузов. – М.: ВЛАДОС, 2000. – 192 с.
- 14 Кондратьев Н.Д. Проблемы экономической динамики. – М.: Экономика, 1989.– 412 с.
- 15 Костко Н.А. Прогнозно-нормативное проектирование в системе социального управления развитием региона: дис... доктора социологических наук : 22.00.08. – Тюмень, 2004.– 406 с.
- 16 Осипов Г.В. Социальное мифотворчество и социальная практика. – М.: Издательство НОРМА, 2000. – 543 с.
- 17 Ресин В.И., Попков Ю.С. Развитие больших городов в условиях переходной экономики (системный подход). – М.: УРСС, 2000. – 328 с.
- 18 Мырзалиев, Б.С. Социально-экономическое развитие малых и монопрофильных городов: монография. – Алматы, 2013.– 235 с.

References

1. Velihov L.A. Osnovy gorodskogo hozjajstva / L.A. Velihov. – М.: Nauka, 1996. – 480 s.
2. O, Sallivan A. Jekonomika goroda: per. s angl. – 4-e izd. / A. O, Sallivan. – М.: INFRA-M, 2002. – 70 s.
3. Gaponenko, A.L. Strategija social'no-jekonomicheskogo razvitija: strana, region, gorod : ucheb. posobie. – М.: Izdatel'stvo RAGS, 2001. – 224 s.
4. Babichev N. P. Teorija social'nogo upravlenija. – Kiev, 2000. – 178 s.
5. Gavrin A. S. Jeffektivnost' social'nogo upravlenija. – Tjumen': Vektor-Buk, 2001, 296 s.
6. Romashkina G.F. Modelirovanie v sisteme upravlenija social'nymi processami (Regional'nyj aspekt): dis. ... d-ra sociol. nauk: 22.00.08. – Tjumen', 2003. – 394 s.
7. Toshhenko Zh.T. Social'noe predvidenie i social'noe prognozirovanie [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <http://msu/library2.egi>.
8. Sorokin P. A. Chelovek. Civilizacija. Obshhestvo: per. s angl. / obshh. red., sost. i predisl. A.Ju. Sogomonov. – М.: Politizdat, 1992. – 543 s.
9. Marshalova A.S. Upravlenie jekonomikoj goroda: ucheb. posobie. – Novosibirsk: Sibirskoe soglashenie, 2001. – 404 s.
10. Kemeroov V.E. Vvedenie v social'nuju filosofiju: uchebnik dlja vuzov. – izd. 4-e, ispr. – М: Akademicheskij Proekt, 2001. – 314 s.
11. Frolov S.S. Obshhaja sociologija: uchebnik dlja vysshih uchebnyh zavedenij. – М.: «Prospekt», 2009. – 356 s.
12. Sociologija. Osnovy obshhej teorii: uchebnik dlja vuzov / pod red. G.V. Osipova, L.N. Moskvicheva). – М.: Norma, 2003. – 912 s.
13. Zelenov, L.A. Sociologija goroda: uchebnoe posobie dlja studentov vuzov. – М.: VLADOS, 2000. – 192 s.
14. Kondrat'ev N.D. Problemy jekonomicheskoi dinamiki. – М.: Jekonomika, 1989.– 412 s.
15. Kostko N.A. Prognozno-normativnoe proektirovanie v sisteme social'nogo upravlenija razvitiem regiona: dis... doktora sociologicheskikh nauk : 22.00.08 Tjumen', 2004.– 406 s.
16. Osipov G.V. Social'noe mifotvorchestvo i social'naja praktika. – М.: Izdatel'stvo NORMA, 2000. – 543 s.
17. Resin V.I., Popkov Ju.S. Razvitie bol'shih gorodov v uslovijah perehodoj jekonomiki (sistemnyj podhod). – М.: URSS, 2000. – 328 s.
18. Myrzaliev, B.S. Social'no-jekonomicheskoe razvitie malyh i monoprofil'nyh gorodov: monografija. – Алматы, 2013. – 235 s.